

## Қамқоршылық кеңес қызметінің нәтижелілігі

Қамқоршылық кеңес қызметі типтік ережеге және Қазақстан Республикасы «Білім» туралы заңының 44 бабы 9 тармағына сәйкес, «Білім беру ұйымдарында қамқоршылық кеңестің жұмысын ұйымдастыру және оны сайлану тәртібінің үлгілік қағидаларын бекіту туралы» Қазақстан Республикасы Білім және Ғылым министрінің 2017 жылғы 27 шілдедегі бұйрығының 6, 7 баптары және «Тиісті үлгідегі білім беру ұйымдары қызметінің үлгілік қағидалары, оның ішінде: Балаларға арналған қосымша білім беру бағдарламаларын іске асыратын білім беру ұйымдары қызметінің үлгілік қағидаларын бекіту туралы» ҚР Үкіметінің 17 мамырдағы қаулысының 37- тармағы негізінде, Қамқоршылық кеңесін құру туралы 2018 жылдың мамырында №299 бұйрыққа өзгеріс енгізу туралы бұйрығын басшылыққа алынып құрылған. «Қамқоршылық» кеңес мүшелерінің саны тақ, 9 адамнан сайланып, жылдық жоспары құрылып, бекітілген. Қамқоршылық кеңесі мектепке оқыту және тәрбие жұмысында, материалды-техникалық қамтамасыз студі және оқу-тәрбие мен инновациялық үрдісті жақсартуға септігін тигізуге құрылған. Қамқоршылық кеңесінің және тексеріс комиссиясының жылдық жұмыс жоспары жасалынған. Әр айда өткізілген іс- шаралар жоспары бойынша өз дәрежесінде өткізілді.

Қамқоршылық кеңесі және ата – аналармен бірлесе отырып "Жылды жақсылықтан бастайық" атты тақырыпта қайырымдылық іс – шаралары ұйымдастырылды. Әкелер клубын құрып, «Әкенің бала тәрбиесіндегі рөлі» тақырыбында семинар, әкелермен бірігіп «Ана –өмір, ана -бақ» тақырыбында мерекелік концерт өткізіліп, мектеп алаңын көгалдандыру мақсатында «Бір тал кессең, он тал ек» акциясы бойынша мектеп ауласына көшеттер отырғызылды.

Қарттар күніне орай қазан айында оқушы бойына халқымыздың асыл қасиеттерін сіңіру, үлкенді сыйлау, өз ата – бабасын ұмытпай сақтау үшін және салт-дәстүрден нәр алып өсуіне, инабаттылыққа, жақсы мен жамандықты ажырата білуге аталы сөзден ғибрат алуға тәрбиелеу мақсатында «*Қарттарым ізгіліктің шырағы*» тақырыбында кездесу өткізілсе, 9 мамыр күні қамқоршылық кеңес мүшелерінің ұйымдастыруымен соғыс ардагерлерін құттықтап, сый – сияпат табысталды.

Келесі оқу жылына алға қойған қамқоршылық кеңес қызметінің мақсаты:

- Мектептің жарғылық қызметтерін жүзеге асыруға ықпал ету;

- Білім беретін оқу бағдарламаларын ойдағыдай іске асыру мақсатында мектептің оқушылары мен педагогикалық ұжымы үшін қажетті жағдайлар жасау;
- Мектепке қаржылық қолдауды, материалдық-техникалық базасын күшейтуді қамтамасыз ету;
- Мектептің әрі қарай сапалы дамуына ықпал ету.

### Қамқоршылық кеңес қызметінің негізгі бағыттары:

- Мектеп ұжымына әлеуметтік-мәдени, сауықтыру және дамыту іс шараларын өткізуге көмек көрсету;
- Тәрбие мен оқыту саласына халықаралық ынтымақтастықты орнату мен дамытуға ықпал ету;

Қорыта келе биылғы оқу жылына жоспарланған шаралар толық орындалды.

